



Ақжайық ауданының орталығы Чапаев ауылынан оңтүстікке қарай 118 шақырым қашықтықта Орал өзенінің шығыс бетінде орналасқан - Базартөбе ауыл округінің орталығы. Базартөбе совхозы 1966 жылы Орал каракуль совхозының № 4 бөлімшесі негізінде асыл тұқымды каракөл қой совхозы болып құрылған. Қазіргі кезде Базартөбе ауылдық округіне қарасты 1 орта мектеп, 2 орталау мектеп, 1 дәрігерлік аурухана, 2 фельдшерлік- акушерлік пункт, 1 мәдениет үйі, 3 кітапхана, бірнеше жеке сауда нүктелері бар.

### Базартөбе ауылдық кітапханасы.

*Базартөбе ауылдық кітапханасы әкімшілік ғимаратының 56 кв.м көлеміне орналасқан.*

1963-1966 жылдары Базартөбе совхоздың № 4 бөлімшесінің орталығында «Қызыл отау» кітапханасы болып ашылып, сол жылдардан бері ауыл тұрғындарына рухани білім нәрін сеуіп, заман ағымына сай елімізде болып жатырған саясатты насихаттауда кітапхана ісіне жаңашылықты еңгізе отырып, үгіт насихат жұмыстарын оқырмандар арасында жүргізіп келеді. 1966 жылы алғашқы кітапхана қызметкері **Ихсанов Бораш** болып қызмет



атқарған. Осы жылдары мал шаруашылығының еңбеккерлері арасында жазғы жайлаулар мен қыс кезіндегі қыстақтағы оқырмандарға ат-көлікпен газет-журнал, кітаптар жеткізіп, жаңалықтың жаршысы, үгіт-насихат жұмыстарын қоғамдық негізде жүргізген бірден-бір малшы қауымының саяси жанашыры бола білген аға ұрпақтың бірі. Осы кітапханада еңбек жасаған

жылдарында аудандық мәдениет бөлімінен, совхоздың әкімшілігі, партия, кәсіподақ ұйымдарының мақтау грамота қағазымен, сыйлықтарымен бірнеше рет марапатталған.

Кеншардың құрметті азаматы Ихсанов Бораш бүгінде зейнет демалысында. **Алмуханова Алтынай Алмуханқызы** 1969 жылдан 1985 жылға дейін Базартөбе ауылдық орталық кітапхана меңгерушісі болып қызмет атқарған. Алтын апай қызмет атқарған жылдарда елдегі саясатқа кітапханалық шара арқылы үгіт насихат жұмыстарын өзіндік дәрежеде өткізіп отырды. Соның ішінде фашистер қамалындағы Совет адамдарының батырлық күресін баяндау бағытында өткізген «Мұқалмаған батырлық» конференция, М.Шолоховтың «Адам тағдыры» пікір алмасу кештерінде тарихи-

революциялық және әскери патриоттық әдебиеттерді насихаттау кітапханашының негізгі міндетінің бірі болды. А.Алмуханова еңбек еткен жылдары қызмет еткен ұжым атынан бірнеше рет алғыс хат және мадақтау грамоталарымен марапатталған азаматша Тайпақ, Ақжайық аудандық әкімдігімен аудандық мәдениет бөлімінің аудан аралық ұйымдастырған байқауының «Үздік кітапханашы» дипломымен, және білікті қызметі үшін грамоталармен марапатталып заттай сый-сияпат құрметіне ие болған қызметкер. Қоғамдық әйелдер кеңестің тұрақты мүшесінің бірі.

Ел арасындағы осындай еңбектері бағаланып 1985 жылы ауылдық кеңестің депутаттыққа ұсынылып, сайланған А.Алмуханова ауылдық кеңестің хатшылық қызметіне ауыстырылды. Осы салада 1998 жылдың қазан айына дейін қызмет атқарды. Казіргі кезде Алтын апай зейнеткерлік демалысында,

көп балалы құрметті ана.

1985-2006 жылдары **Салима Избасарқызы** ауылдық кітапханада кітапханашы болып қызмет атқарған кездерінде де халқымыздың мәдени мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізуде, тіліміз бен дінімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді дамытуда өз білімімен тәжірибесін ортаға салып, ауыл ел болашағы жастар мен жанұя тәрбиесіне мән бере аянбай еңбек етті. Осы ұзақ жылғы жемісті еңбегін бағалап, Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігі, Батыс Қазақстан Облыстық мәдениет басқармасы мақтау грамоталары және дипломдарымен марапаттаса, Тайпақ, Ақжайық аудандық әкімдігімен аудандық мәдениет бөлімінің аудан аралық «Үздік кітапханашы» белгісімен және бірнеше дүркін алғыс хатпен грамоталармен марапатталды. Заттай сый-сияпат құрметіне ие болған қызметкер.

2007 жылы маусым айынан бастап Базартөбе ауылдық кітапханасының меңгерушілік қызметін **Н.Т.Құспанғалиева** атқаруда. Жыл басынан кітапханада тұрақты кітап көрмелері «Қазақстан: ғасырлар мен мыңжылдықтар тоғысында», «Қазақстан -2030» (суретте) ұйымдастырылып көрмеге шолулар өткізіледі. Заман ағымына сай кітапханада көпшілік шаралар өткізуде жаңаша жұмыс түрлері қолданылып, ақпараттық библиографиялық жұмыс түрлері де жандана бастады. Жанадан келіп түскен әдебиеттерді оқырмандарға таныстыруда «Болашаққа бастайтын- саясат» тақырыптық жылжымалы көрмелері шығарылып мекемелерге апарылып



библиографиялық шолулар өткізіледі. Оқырмандардың оқуына басшылық жасауда «Әдебиеттер әлемінде - саясат» әдебиеттер тізімі дайындалды. Кітапханада түрлі тақырыпта Мыс: «Қазақстандық патриотизм деген не?» сурақ жауап кеші, «Ел рәміздері-елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі» тақырыптық кеш ауылдың жасөспірімдері қатысуымен оздырылды. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын насихаттауда «Тіл өшпес мұра» атты дөңгелек үстел ауылдың мекеме басшыларымен, мұғалімдермен, жастармен өткізілді. Сонымен қатар балалармен жұмыс жүргізуде жас оқырмандаға кітапханаға әдеби саяхат, ертеңгіліктер ұйымдастырып, түрлі тақырыпта әдеби кештер, сайыстар өткізуде.

### Қадырқұл ауылдық кітапханасы

*Қадырқұл ауылдық кітапханасы  
ОКЖ-нің баланстық есебіндегі  
кітапхана ғимаратында орналасқан.  
Жалпы көлемі - 25 кв.м .*

Қадырқұл ауылдық кітапханасының негізі Базартөбе қаракөл совхозы 1966 жылы «Орал» (Қарауылтөбе) совхозынан бөлініп шыққан кезде қаланған. Қадырқұл ауылы Базартөбе совхозының № 3 фермасы болып саналды. Ауыл Жайық өзенінің сол жақ жағалауында, Ақжайық ауданының оңтүстік-шығысында орналасқан. Аудан орталығынан 130 шақырым қашықтықта. Қадырқұл ауылдық бөлімшесі құрылған жылдардан- ақ ауылда бастауыш мектеп , медпункт, кітапхана жұмыс жасай бастады. Алғашында кітапханада 200-500 дана аралығында ғана кітаптар болды. Алғашқы жылдары **Роза Отарова** кітапханашы болып қызмет жасады. Ол жылдары жаңадан құрылған шаруашылықта техника аз, алыс малшы ауылдарға қатынас қиын болғандықтан Роза апай жылжымалы кітап көрме ұйымдастырып шопандарға газет-журналдар апарып соңғы жаңалықтармен таныстырып тұрды. Ол кезері қолдан қолға түспей оқитын көркем әдебиеттер С.Мұқанов, Ғ.Смаилов, Ғ.Мұстафин, Ғ. Мүсірепов шығармаларын алып, кітаптың аздығынан оларды кезекке қойып оқыту кітапханашының қызықты жұмыстарының бірі. Ауылда тұратын жастар білімі ,жасы, мамандығы жағынан біркелке емес . Олардың ішінде малшыда , мектеп оқушысы да, егінші де, механизатор да бар.Осы жағдайды ескере отырып, кітапханашы жастарды бірнеше топқа бөліп, жүргізілетін жұмыс түрін белгілеп отырды. Айталық: Жас колхозшыларды, озат тәжірибе иелерімен таныстырып, үлгі алуға соларға теңелуге шақырсақ ,екінші жағынан жастардың зейінін оқуға, білімге аударып отырды. Бертін келе ауылдық кітапханасының кітап қоры молая бастады. Газет-журналдар келе бастағанда ауыл тұрғындары баспасөз материалдарымен кітапханада отырып танысуды әдетке айналдыра бастады.



1970-75 жылдары кітапханашы болып **Ташанова Шолпан** қызмет жасады. Ол Ақтөбе мәдени-ағарту училищесіннің кітапхана бөлімін бітірген маман болатын. Қызмет барысында Шолпан мал азығын дайындайтын трактор – егіс бригадаларын аралап, олардың сұраныстарын қанағаттандыруда аудан бойынша қызмет атқаратын КАА (межбиблиотечный абонимент) қызмет түрін қолданды.

1975-80 жылдары бұл жұмысты **Назым Қасымова** жалғастырды. Ол да бөлімшенің тұрғындарын рухани қызметпен қамтуда біраз еңбектенді. Ауылдың «Елтай», «Көшербай», «Сексен-1», «Сексен-2», «Тоқсанбай», «Қарамола», «Бекет», Жыра, «Терекбай», «Жаманкөл», «Құдияр», «Лабақ» секілді нүктелеріне көркем әдебиеттер жеткізіп тұрды. Сонымен қатар еліміздің саяси ахуалынан ауыл тұрғындарына жеткізуде ілгері істер атқарды.

1990-1997 жылдары Қадырқұл ауылдық кітапханасында Орал мәдени – ағарту училищесін бітірген маман – кітапханашы **Нүргүл Көпжасарова** қызмет атқарды. Оның жұмысы өтпелі кезеңнің қиындықтарымен тұспа-тұс келсе де, бар жастық жігерін, білімін өз мамандығымен ұштастырып жұмыс жасай білді. Бұл жылдары бастауыш мектептен негізгі мектепке айналған ауылдағы білім ордасымен тығыз байланыс жасай отырып, әртүрлі оқырмандар жиынын, дөңгелек үстел, тақырыптық кештер өткізіп тұратын еді. Еліміз егемендік алып, Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған жылдардан бастап ауыл кітапханаларының жұмыс реңі де өзгергені белгілі. Өткен жолымыз ескерілмей, тарихымыз түзілмей, тек орталықтың мүддесін көздеген солақай саясаттың салқыны тиген рухани әлем енді ұлттық мүддеге қызмет ете бастады деуге негіз бар. Осы бағытында кітапханашы Нүргүл бар күш жігерін салып, ауыл жастарының рухани әлемінен ажырамауына өзіндік үлесін қосты.

1998-2006 жылдары кітапханашы болып «Қазақстан ақын-жыршылар Одағының» мүшесі, ақын **Сағынтай Бисенғалиев** қызмет жасады. Ол Қадырқұл ауылындағы негізгі мектеп оқушыларын кітапханаға тартып, шығармашыл балғындарға бағыт бағдар берді. Ұлттық мерекелердің ауыл кітапханасында аталып өтуіне мұрындық болды. Жалпы, мәдени-көпшілік шаралардың кітапханамен байланыса өтуі ауыл тұрғындарының кітапқа деген құмарлығына қайта қозғау салғандай болған еді. Жоқтан бар жасауға талпынып, рухани ошақ- кітапханамыздың өткен жолына үңілуіміздің, қолда бар деректерге сүйеніп шежіре түзуге тырысуымыздың өзі Егемен еліміздің, Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Мәдени мұраға» сергек қарауының



баянды нәтижесі деп қарауымыз қажет. Осы бағытында Сағынтай ағай Облыстық кітапхананың ұйымдастырған «Туған өлке тұнған шежіре» ауыл энциклопедиясын шығаруда да өзіндік үлесі ерекше .

2006 жылдан кітапханашы болып Республикалық ІУ Абай оқуларының жүлдегері талапкер ақын **Айнабек Бисенғалиев** жұмысқа кірісті. Айнабек те өзінің талантын кітапхана ісімен ұштай отырып , ауыл тұрғындарына, оқырмандарға рухани білім нәрін себуде зор жұмыстар атқарып келеді. Мыс: аудандық кітапханада ұйымдастырылған «МУЗА» шығармашыл оқырмандар отауының бел ортасында ел ішінде елеусіз , көріне алмай жүрген шығармашылдықпен айналасатын ауылдағы жас оқырмандарды тауып олардың шығармашылдық жолына жол ашып, ауданда өткізіліп жатқан шараларға қатыстыруы.

2007 жылы Республикалық «Бір ел бір кітап» акциясына орай Абайдың «Қара сөзін» насихаттау барысында аудандық кітапханада өткізілген «Қара сөздер қайнары ұлағаттың» байқауына оқырмандарын қатынастырды. (суретте)

### Қызылжар ауыл кітапханасы




*Қызылжар ауылдық кітапханасы мектеп ғимаратының 25 кв.м көлеміне орналасқан.*

Базартөбе ауылы аудан орталығынан 115 км оңтүстік- шығысқа қарай Жайық өзенінің сол жағалауына орналасқан елді мекен. Округке қарасты Қызылжар ауылында 1 негізгі мектеп, фельдшерлік пункт, кітапхана жұмыс істейді. Совхоз болып 1966 жылы құрылды. Сол жылдардың саясатына орай клубпен бірге орналасқан кітапханада қызмет атқарған Асанова Ағиба егін бригадаларына шопандарға , шалғай елді мекендерге кино көрсетіп, көркем әдебиеттер таратып, мерзім басылым беттерінен жаңалықтар оқып, саясат негізінде үгіт насихат жұмыстарын жүргізді . 1974 жылы кітапхана клубтан бөлініп, бөлек ғимаратқа көшті.


Сол жылдары 1974-1977 жылға дейін кітапханашы болып **Омарова Ұлмекен** қызмет атқарған уақытта кітапхана ісі жандана бастап, кітапханада ақпараттық библиографиялық қызмет көрсету барысында каталог, картотекалар ұйымдастыру қолға алынды. Кітапханада әр жылдары істеген кітапханашылар: **Айсахаева Зипаш, Тлеумағамбетова Гүлайым, Сейфуллина Жансұлу, Досмуханова Алтын, Ақжанова Кенжетай, Саргелекова Гүлмира,** азгантай жылдардан жұмыс істегенімен ауыл тұрғындарына кітапханалық қызмет көрсетуде өз үлестерін қосты. 1984 жылы кең де жарық комплексті жана ғимаратқа

көшірілді. 1984 жылдың 10 қыркүйегінен 1988 жылдың желтоқсан айына дейін **Жолдыбаева Ақтойған** кітапханашы болып істеді.

1989 жылдың 3 қаңтарынан бастап **Жұмабаева Анар** кітапханашы болып жұмыс істеп келеді. Қызылжар ауылының малшы шопандары, пішен бригадалары «Алтынқора», «Мәулімберлі», «Коммун», «Лабах», «Жаманкөл», «Күдияр», «Қарқап», «Таймас», «Жиес», «Қопа», «Қожа», «Балапан» нүктелеріне қатынасып жылжымалы кітапхана жұмысын жалғастырып келеді. Пішен науқаны кезінде пішен бригадаларында барып, лекциялар оқылып, «Механизатор», «Кім алда», «Кім озат» деген тақырыпта қабырға газеттері шығарылып, малшы-шопандар, пішен бригадаларына әдеби кітаптар апарылып, түрлі мәдени шаралар өткізді. Қазіргі уақытта жас оқырмандарды, жастарды кітапханаға көптеп тартуда оларды кітап оқуға баулуда кітапхананың ролі ерекше. Осыған орай Анар оқырмандар арасында өткізген «XXI ғасыр көшбасшысы», «Менің оқыған кітаптарым», т.б. шаралары үлі тұтарлық.



1985-2007 жылдар аралығындағы оқырмандар, кітап қорының орташа есеппен алынған көрсеткіштері



Базартөбе ауыл округіндегі кітапханалардың 2004-2008 жылдар аралығында мерзімді басылым көрсеткіштері.